

Ж.Тәшенов атындағы жалпы орта мектебі

**«Ізгілік» пән бірлестігінің**  
**2021-2022 оқу жылының**  
**қорытынды есебі**  
(қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті,  
ағылшын тілі пәндері бойынша)

**2022-2023 оқу жылы**

## «Ізгілік» пән бірлестігінің 2021-2022 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы

### Мәлімет

2021-2022 оқу жылында «Ізгілік» пән бірлестігінде қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі пәндері бойынша 10 мұғалім қызмет етті.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 6 мұғалім:

1. Досхожаева О.- педагог-зерттеуші;
2. Шұлғаубаева Ү-жоғары санат;
3. Жунисова П.- педагог-зерттеуші;
4. Уткельбаева Г.- педагог-сарапшы;
5. Идрисов А. -педагог-сарапшы
6. Мантаева Ә.- санатсыз;

Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша 2 мұғалім:

1. Абдукаликова А.- педагог-зерттеуші;
2. Малдехан Ж.- педагог-зерттеуші.

Ағылшын тілі пәнінен 2 мұғалім:

1. Баймаханова Г.- педагог-сарапшы;
2. Жаулубаева А.-педагог-модератор.

Оқу жылының басында бірлестіктің жылдық жоспары түзіліп, жыл бойы өтілетін іс-шаралар жоспарланып, бекітілді.

Тілдер мерекесіне орай «МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҰЛТ БІРЛІГІНІҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ» тақырыбында 6 қыркүйек пен 13 қыркүйек аралығында апталық болып өтті.

6-қыркүйек күні апталықтың салтанатты ашылуы болып, мектеп мұғалімдері мен оқушыларға іс-шаралар жоспары таныстырылды. «Ең бірінші бақытым – тілім менің» ақындар мүшайрасы, «Ең бірінші бақытым – тілім менің» ақындар мүшайрасы болып өтті. 5-11 сынып аралығынан 12 оқушы қатысып, өз жырларын оқыды. Үздіктер анықталып, марапатталды.

7-қыркүйек күні «Тілге құрмет – елге құрмет» сырттай эссе жазу байқауы өткізілді. 23 оқушы қатысып бәйгеден оза шапқан жүйріктерге алғыс хаттар табысталды.

Осы апталық барысында қазақ, орыс және ағылшын тілінде бейнежазба арқылы «Мәңгілік ел – мәңгілік тіл» тақырыбында челлендж жүргізілді.

8-қыркүйек күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ү.Шұлғаубаева "ҚАЗАҚ ҮНЖАРИЯСЫНА 100 ЖЫЛ" Қазақ радиосының ғасырлық мерейтойына арналған сыныптан тыс іс-шара өткізді. Шара барысында қазақ радиосының ең алғашқы дикторы Әнуарбек Байжанбаев туралы таныстырылым жасап, өміріндегі қызықты, тарихи сәттері туралы әңгімеледі. Сондай-ақ, оқушыларды сол кездегі радиомен таныстырып, көрмеге қойылған бірнеше радио туралы мәлімет берді.

10-қыркүйек күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі П.Жунисова мен кітапханашы Ж.Сайлыбаева және тәлімгер Р.Миркибаеваның ұйымдастыруымен «Тұлпар мініп ту алған» тақырыбында жыр бәйгесінен оза шапқан жүйрік Әлжаппармен кездесу өткізді.

Үш жыл қатарынан батырлар жырын жаттап, аудандық, қала берді облыстық жүлдеге ие болған Әлжаппар Жорабеков өзінің «Қамбар батыр», «Алпамыс батыр» және «Қобыланды батыр» жырларынан үзінді оқыды және қалай жаттағаны, қиындықтары мен оларды қалай жеңгені туралы өз естеліктерімен бөлісті. Кеш қонағы зейнеткер ұстаз, Әлжаппардың алғашқы ұстазы Қолдасова Данахал апай да өзінің зерек тәжірибесін бастауыш сыныпта-ақ көзге түскенін айтып, өз естеліктерімен бөлісті.

Тіл мерекесіне орай 14-қыркүйек күні Ж.Тәшенов атындағы жалпы орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Уткельбаева мен тәлімгер Роза Миркибаеваның ұйымдастыруымен «Бабамнан қалған нұрлы жұлдыз» тақырыбында әдеби-музыкалық кеш

болып өтті. Шара барысында 8-сынып оқушысы Бакытжан Анеля «Қазақ тілінің мәртебесі», Аманова Зере «Парижде ән салған Әміре» және 11 сынып оқушысы Абдухожа Қасиет «Әлем халқына қазақша ән салдырған Димаш» тақырыптарында таныстырылым жасап, қорғап шықты. 8-сынып оқушылары ана тілі жайлы ақын жырларынан мәнерлеп оқыса, 11-сынып оқушылары әдеби монтаж дайындап, көрініс қою арқылы ана тіліміздің сарқылмас қазына екенін таныта білді. Салқынбек Перизат «Анамның тілі» әнін орындап, көрерменді әнмен сусындатты. Әдеби кеш барысында айтылған әрбір сөз жас ұрпақты ана тілін қадірлей білуіне, тіл құдіретін сезінуіне әсер еткен мазмұнды кеш болды.

Осындай іс-шаралар, тәрбие сағаттары мен сыныптан тыс сайыс сабақтарды бастауыш сынып мұғалімдері, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ж.Мелдехан, ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері А.Жаулбаева мен А. Ұлықбек, ұйымдастырушы педагог Б.Мырзатаева өткізіп апталықтың әрін кіргізе түсті.

Апталықтың қорытындысы ретінде ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Г.Баймаханова «Welcome to the wonderful world England!» тақырыбында кеш өткізді. Кеш барысында 11-сынып оқушылары үш тілде жүргізіп, заман талабына дайын жастар екенін көрсетті. Ағылшын тілінде әндер мен тақпақтар айтылып, «Қызыл телпек» ертегісі сахналанды. Кештің негізгі бөлімінде мектебіміздің түлегі, Абылайхан атындағы шет тілдер университетінің бакалавры, қазіргі таңда Сеул университетінің магистранты Жаңабай Ақсердің жетістіктері туралы айтылды. Көрермендер Ақсердің мектеп оқушыларына арнаған қазақ, ағылшын және көрей тілдерінде айтқан бейнежолдауын тыңдап, ерекше әсерге бөленді. Анасы Шұлғаубаева Ұлмекен қызының талабына қалай қолдау көрсеткенін, дайындық жұмыстарын қалай жүргізгенін айтып, бүгінгі күнге дейінгі жетістіктері Ақсердің ізденімпаздығында, талмай еңбектенуде екенін тілге тиек етті.

Қазан айында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ү.Шұлғаубаеваның ұйымдастыруымен «Берекелі алтын күз» атты күз жәрмеңкесі болып өтті. Жәрмеңкенің мақсаты: оқушыларды ана тілінде сауатты сөйлей отырып, экономикалық, шығармашылық дағдыларын арттыру. Әр түрлі заттар, тәттілер пісіріп, көгөніс, жеміс жидектерін әкеліп, оған баға қойып, оны сату оқушылар үшін өте қызықты сәт болды, әрі сату, ақша жинау арқылы әр сынып сауда жасаудың алғашқы қадамдарын да үйрене түсті.

Қараша айында Шұлғаубаева Ұлмекен апайдың бастамасы бойынша «Ізгілік» пән бірлестігінің ұйымдастыруымен «Алаш арыстарының қолтаңбасындай» атты екі күндік іс шара болып өтті. Шараның мақсаты:

1. Қазақ баспасөзінің тарихына бойлау
2. «Айқап» журналының 110 жылдығын атап өту
3. Ұлттық құндылықтарды насихаттау, ұлт тарихын терең білуге, алаш арыстарының еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу, ұлтжандылыққа баулу.

Бірінші күні 9,10,11-сынып оқушылары дайындаған «Айқап» журналының тарихы, тұңғыш редакторы М. Сералиннің өмірі, шығармалары бойынша мұражайдың ашылуы болды. Әр сынып оқушылары мұражаймен таныса отырып, қазақ баспасөзінің тарихымен де танысты. Келесі күні «Алаш арыстарының қолтаңбасындай» атты танымдық, музыкалық әдеби кеш болды. Кеш шымылдығын «Айкөркем» би тобы «Қазақ» биімен ашып берді. Келесі кезекте мектебіміздің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, ұстазымыз Абдукаликова Алтыншаш апай дайындаған «Айқап» журналының 110 жылдығына арналған «Қазақ» баспасөзінің тарихы» атты баяндама оқып, баспасөз тарихының көп сырларын ашты.

Әдеби кешті жалғастырып, сахнаға қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жүнісова Перизат апайдың шәкірттері, 6-сынып оқушылары шықты. Поэзия сусынын қанып ішкен жеткіншектер «Айқап» журналының бас редакторы Мұхамеджан Сералиннің «Топжарған» поэмасынан үзіндіні мәнерлеп оқып, көпшіліктің көңілінен шықты.

Осы әдеби сазды кештің әрін аша түскен қойылым - 10 «б» сынып оқушылары сахналаған «Гүлхашима» поэмасынан үзінді, «Орындалмаған арман» атты сахналық қойылым болды. Сценарий авторы: 10-сынып оқушысы - Әбілқайыр Айзере. Ұлттық киім киіп, киіз үй, оюлы жабдықтар қазақ халқының 19-ғасырдағы өмірін қаз қалпында көз алдымызға әкелгендей болды. Кейіпкерлерді сомдаған 10-сынып оқушылары Әбілқайыр Айзере, Утеген Шыңғыс, Жасұзақ Биіс, Дархан Ләззат пен хат тасушы бала ролін сомдаған Мусин Нұрасыл да өздерінің шығармашылық қабілеттерін жоғары деңгейде таныта білді. Шараға белсене қатысқан оқушылар, сыныптар алғыс хатпен марапатталды.

Желтоқсан айында еліміздің Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай көптеген тәрбие сағаттар мен іс шаралар, танымдық сабақтар өткізілді. Атап айтар болсақ: О.Досхожаева, А.Жаулбаева 5-сыныпта «Тәуелсіз елім-терім», Ү.Шұлғабаева «Менің Қазақстаным», Г.Уткельбаева «Желбіре, көк байрағым», П.Жунисова «Мәңгілік Ел-Қазақстан», ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Г.Баймаханова «Желтоқсан ызғары» тақырыбында ашық тәрбие сағаттарын өткізді.

Оқу жылының екінші жартысында да біршама жұмыстар атқарылды.

2022 жылдың 24-қаңтар 3-ақпан аралығында «Ізгілік» **пән бірлестігінің "Еркін елдің ертеңі - кемел білім мен ана тілінде" тақырыбында өткізілген онкүндік өткізілді.**

24.01.2022ж күні онкүндіктің ресми ашылуы салтанаты болып өтті. Онкүндіктің шымылдығын ашып, 10-сынып оқушысы Қилыбай Азизаның «Қыз Жібек» лиро-эпостық жыр» тақырыбындағы зерттеу жұмысын қорғап шықты. Жыр тарихына терең үңілген жас зерттеуші «Қыз Жібек» фильмі туралы да айта келіп, қорытынды бөлімде 2009 жылы жырдың 500 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілгенін, соған орай мектебімізде Шұлғабаева Ұлмекен апайдың ұйымдастыруымен «Сұлулық салтанаты» атты танымдық музыкалық кеш өткізгені туралы айтып өтті. Жоба жұмысын тыңдаған ұстаздар Қилыбай Азизаның еңбегіне оң бағасын беріп, ұсыныстарын да айтты.

25.01.күні қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Г.Уткельбаева 8-сыныпта «Міржакып Дулатов «Бақытсыз Жамал» романы» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ барысында «Эстафета», «Адасқан әріптер», «Айналма бекет» әдістерін тиімді пайдаланып, оқушылар үшін қызық, қиын және құнды тапсырмалар бере білді. Сабақта қалыптастырушы бағалау түрлері де оқушылардың білімін жетілдіре түсуіне көп мүмкіндік берді.

26.01. күні ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Г.Б.Баймаханова "Creating a presentation about our favourite sport" тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ барысында « Matching sport», «All about sport», « Go to the bowling», " Butterfly assessment" әдістерін тиімді пайдаланып, оқушылар үшін қызықты тапсырмалар бере білді. Спорттың денсаулыққа пайдалы екендігін ұғынды. Сабақта қалыптастырушы бағалау арқылы оқушылардың қызығушылығымен білімін жетілдіре түсуіне көп мүмкіндік берді.

Осы күні жазушы, әдебиет зерттеуші, ғалым Акселеу Сейдімбектің 80 жасқа толу мерейтойына арналған ғылыми конференция болып өтті. Ғылыми конференцияда қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері :Досхожаева О.М. Шұлғабаева Ұ.А. Жунисова П.З. Өткелбаева Г.Ж. таңдалған тақырыптарда ізденістерін баяндады. Конференцияға қатысушы ұстаздар қазақтың қазынасы бола білген жазушы Акселеу Сейдімбектей дара тұлғаның сан түрлі қырын таныды. Жазушының өмірі мен шығармашылығынан бастап оның саятшылық өнері, күй өнері туралы жазған еңбектерімен қоса қазақтың ауызша тарихына жан бітірген өшпес мұрасы да қазақ халқына берген өлшеусіз қазына екені айтылды.

27.01. күні жазушы, ақын, ғалым, мысалшы, аудармашы, «Қырық мысал» жинағының авторы Ахмет Байтұрсынұлының «Егіннің бастары» тақырыбында 5 а-сынып

оқушыларына қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі О. Досхожаева ашық сабақ өткізді. Оқушылар А. Байтұрсынұлы қалдырған бай мұраның бір саласы-көркем аударма екенін ұғынып, өлеңді талдады. Ақын мысалдарындағы сан алуан кейіпкерлермен таныса отырып, адамдардың адамгершілікке, ынтымақ-бірлікке ұмтылып, жаман әдеттерден аулақ болу керектігін ұғынды. Адам бойындағы жаман қасиет тәкәппарлықтың не екеніне талдау жасалды. Оқушылар мәтінмен толық жұмыс жасап, өз ойларымен бөлісті. Сабақ өте сәтті, мағыналы, тәрбиелік мәні мол, жоғары деңгейде өтті.

Он күндіктің келесі күнінде ағылшын тілі пәнінің мұғалімі А. С. Джаулбаева "Music" тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ барысында "Theater tickets" «Numbers speak», «Making musical instruments», «Flowering of the garden», "Go to the theater" әдістерін тиімді пайдаланып, оқушылар үшін қызықты тапсырмалар бере білді. Музыка аспаптарының ағылшынша атауларын үйренді. Қалыптастырушы бағалау арқылы оқушылар қызығушылықпен өз білімдерін бағалай білді.

Ашық сабақтар легін жалғастыра отырып, қазақ тілі мен информатика пәнінің мұғалімі П. Жунисова мен А. Исаеваның 7-сыныпта "Компьютердің адам ағзасына әсері мен ғаламтордың зияны" туралы тақырыбында кіріктірілген ашық сабағы өтілді. Сабақ барысында оқушылар қазақ тілінен «Тыңда, сұрақ құрастыр» әдісі бойынша оқушылар тыңдалым мәтінді тыңдап, проблемалық сұрақтар құрастырды, ойларын ортаға салып, талдай білді. «Ойлан, топтас, бөліс» әдісі бойынша етістіктің шақтарын қатыстырып, мәтін құрастырып жаза алды. Информатикадан «Орнын тап» әдісі бойынша Ғаламтор қажет пе? атты сұрақтарға оқушылар шапшаң, жылдам жауап берді. Қазіргі таңдағы өзекті тақырып болғандықтан, оқушылар сабақтағы тапсырмаларды өмірмен байланыстырып талқылай білді.

28.01. күні «Абайтану» үйірмесінің жетекшісі А. Мантаева «Абай-дана, Абай-дара қазақта» атты әдеби-сазды кеш өткізді. Кеш барысында оқушылар ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы баяндама жасап, өлеңдері мен кара сөздерін жатқа оқыды. Сондай-ақ, ақынның балалық шағынан көрініс қойып, өздерінің актерлік қабілеттерін де таныта білді. Қазақтың бас ақыны атанған ұлы тұлғаны тереңірек тани түсуіне себеп болған бұл әдеби кештің оқушыларға берері мол болды.

Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А. Абдукаликова өз кезегінде орыстың ұлы ғалымы М. В. Ломоносовтың туғанына 310 жыл толуына орай «Я душу кладу на ладони, пришедшему в гости ко мне» тақырыбында 9-10-11 сынып оқушылары арасында әдеби кеш өтілді. Әдеби кешті орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А. Абдукаликова өткізді. Оқушылар М. В. Ломоносовтың өмірі мен шығармашылығын таныстыру мақсатында, мәнерлеп оқып, сахна мәдениетін қалыптастырды. Кеш жоғары деңгейде өтілді.

Биылғы жылы біршама ірі тұлғалардың мерейтойы тойланып жатқаны белгілі. Осыған орай жазушы, ақын, ғалым, мысалшы, аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай «Ахмет Байтұрсынов-сын великого народа» тақырыбында 8-9-10 сынып оқушылары арасында әдеби кеш өтілді. Әдеби кешті орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ж. Мелдехан өткізді. Оқушылар А. Байтұрсынұлы - қыры мен сыры мейлінше мол адам екенін және өмірі мен шығармашылығы келер ұрпаққа мәңгілік өнеге болып қала беретінін ұғынды. Әдеби кеш, мағыналы, тәрбиелік мәні мол, жоғары деңгейде өтті.

31.01. күні ағылшын тілі пәнінің мұғалімі З. Турекулова 4-сыныпта «Ауа райы» тақырыбында ашық сабақ өтті. Ауа райына қатысты қар, жаңбыр, тұман, дауыл, боран сияқты бірнеше сөздерді, сөйлемдерді меңгертіп, қызықты тапсырмалар арқылы оқушылардың есінде жатталып қалуына мүмкіндік берді. Оқушылар дыбыстар тыңдау арқылы, сурет арқылы да жаңа сөздердің айтылуын қайталап, сөйлем құрап үйренді. Түрлі смайликтер арқылы бағалау жүргізу де оқушылардың қызығушылығын арттыра түсті.

Осы күні ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Н. Даулетова 7-сыныптар арасында «Не? Қайда? Қашан?» танымдық байқау өткізді. Байқау барысында деңгейлі сұрақтарға жауап беру, карточкадағы сұрақтар, 10,20,30,40 ұпай бойынша сұрақ-тапсырмалар берілді. Оқушылар әр түрлі тақырыптар бойынша қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде аудармаларын тауып, тіл меңгерудегі қабілеттерін таныта түсті.

Сондай-ақ, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі А. Маханова 8-сыныпта «Кітаптар мен фильмдер» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ барысында жаңа тақырып «Шынжыр», «Рольдік ойын», «Оқиға құрастыру» әдістері өте тиімді қолданылды. Үздік оқушыларға сыйлықтар таратылып, оқушыларды «Оскар» жүлдесі арқылы бағалады. «Үздік эссе» байқауының жеңімпаздарына мақтау қағаздарын беріп, оқушылардың талабын ұштай түсті.

02.02. күні «Мұқағалитану» үйірмесінің жетекшісі А. Идрисов «Әр өлең - бір әлем» атты әдеби-сазды кеш өткізді.

Кештің мақсаты: М. Мақатаевтың поэзиясының халыққа кең таралуының мәні және оның өміршеңдігінің сыры неде екенін таныту, түсіндіру, сезіндіру, шығармашылығының музыкасымен үндесу ерекшелігін, ақынның сөзіне жазылған әндері көпшілік назарына ұсыну.

03.02. күні орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ж. Мелдехан "Загадка древней Атлантиды" тақырыбында ашық сабақ өтті.

Сабақ барысында «Визуальные образы», «Гора истории», «Фотография со слов», «Синквейн» әдістерін тиімді пайдаланып, оқушылардың сөйлеу, топтық, өз бетімен жұмыс жасай білуі арта түсті. Оқушылар барлық тапсырмаларға нақты жауап беріп, нәтижелі орындалды. Қалыптастырушы бағалау арқылы оқушылардың белсенділіктері арта түсті.

Қорыта келгенде, онкүндікте жоспарланған іс-шаралар да, ашық сабақтар да жоғары деңгейде өткізілді. Өз кезегінде педагогикалық тәжірибелерін шырдау үшін ұстаздарға ұсыныстар да айтылды. Мерейтой иелері Ақселеу Сейдімбек, Ахмет Байтұрсынұлы, М. Ломоносов есімдері де құрметтеліп, еңбектері бағаланды. Оқушыларға тұлғалар туралы тереңірек ұғындыру арқылы ұлттық құндылығымыз да арта түсті.

Бірінші жарты жылдықта біршама жетістіктерге де ие болдық. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері О. Досхожаева, Ү. Шұлғаубаева, П. Жунисова өздерінің көп жылдық мүлтіксіз еңбек еткені үшін Арыс қалалық кәсіподақ комитетінің құрмет грамотасымен марапатталды.

Сондай-ақ, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г. Уткельбаева Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойына орай өткізілген «Ыбырай жазулары» атты қалалық байқауда жүлделі ІІ орын иеленді.

Қалалық «Тұлпар мініп ту алған» жыршылар байқауында П. Жунисованың 2 шәкірті бірдей жүлдеге ие болды: 7-сынып оқушысы Токболаев Бақдәулет 3-орын, 7-сынып оқушысы Басқара Алуа 2-орын иеленіп, мектебіміздің мерейін өсірді.

Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ж. Мелдехан қалалық «Қысқа мерзімді жоспар жасау» сырттай байқауы бойынша жүлделі 2-орын иеленді.

Тағы бір айта кететін жайт. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай халықаралық «Қазақстан педагогтері» ассоциациясының ұйымдастыруымен жүзеге асырылған «Тәуелсіздіктану» І халықаралық жобасына эссе, мақала жазған Ү. Шұлғаубаева, П. Жунисова, Г. Уткельбаева арнайы сертификатқа ие болды және шығармалары халықаралық жинаққа енді.

Дәстүрлі Мәшһүр-Жүсіп оқулары байқауының қалалық кезеңінде 8-сынып оқушысы Искандер Гүлназ ақындық бағыты бойынша жүлделі 2-орын иеленді. 10-сынып оқушысы Дархан Ләззат «Тұлғалар» бағыты бойынша бас жүлде иеленді. Байқаудың облыстық кезеңіне қатысып, 3-орын иеленді.

Қорыта келгенде, 2021-2022 оқу жылының айтарлықтай жетістіктер болды. Жоспарланған іс-шаралар уақытында, жүйелі жүзеге асырылды. Алдағы жарты жылдықта да осы жүйені бірізділікпен жалғастырып, айқын мақсаттарға жету ниетіндеміз.

«Ізгілік» пән бірлестігінің жетекшісі:

Г.Уткельбаева